

**«City Transportation Systems» ЖШС
Басқарма Төрағасының
2024 жылғы «_____» _____
№ _____ бұйрығымен
бекітілген**

**Бірлескен қызмет туралы шарт бойынша
«Нұр-Сұлтан 1» теміржол вокзалының
вокзал маңындағы аумағында
ақылы тұрақты басқару жөніндегі
«City Transportation Systems» ЖШС
серіктесін айқындау бойынша
КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА.**

Конкурс ұйымдастырушысы:
«City Transportation Systems» ЖШС,
Тұрақ кеңістігін басқару департаменті

Заңды мекенжайы:
Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
Бейбітшілік к-сі, 9, 2-қабат

Конкурстық комиссия хатшысы:
Қали Ә.М:
Конт. тел.: +7 (705) 616 56 99
E-mail: a.kaly@cts.gov.kz

Астана қ., 2024 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Осы конкурс «Нұр-Сұлтан 1» теміржол вокзалының вокзал маңындағы аумағындағы ақылы тұрақты басқару жөніндегі» жобаны іске асыру үшін бірлескен қызмет бойынша серіктесті айқындау мақсатында өткізіледі.

2. Серіктесті анықтау ашық конкурс арқылы жүзеге асырылады.

3. Осы конкурстық құжаттама бірлескен қызмет туралы шарт бойынша «Нұр-Сұлтан 1» теміржол вокзалының вокзал маңындағы аумағында ақылы тұрақты басқару жөніндегі «City Transportation Systems» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) серіктесін айқындау бойынша конкурстық іріктеуді өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

4. Конкурстық құжаттамада мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) интернет-ресурс - <https://transcard.kz>, <https://cts.gov.kz>;

2) конкурсты ұйымдастырушы - Серіктестіктің Тұрақ кеңістігін басқару департаменті;

3) серіктес - осы конкурстық құжаттамада белгіленген тәртіппен конкурстың жеңімпазы деп танылған заңды тұлға немесе консорциум;

4) әлеуетті серіктес - конкурсқа қатысу үшін осы конкурстық құжаттамада белгіленген тәртіппен тіркелген заңды тұлға немесе консорциум.

5. Конкурстық өтінімдерді қабылдаудың басталу күні: 2024 жылғы 13 маусым, Астана уақыты бойынша сағат 09.00-де.

6. Конкурстық өтінімдерді қабылдаудың аяқталу күні: 2024 жылғы 2 шілде, Астана уақыты бойынша сағат 18.00-де.

7. Конкурстық өтінімдерді қабылдау орны: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі 9, 2-қабат.

8. Конкурстық өтінімдерді ашу: 2024 жылғы 3 шілде, Астана уақыты бойынша сағат 11.00-де.

9. Бірлескен қызмет бойынша серіктесті айқындау жөніндегі конкурс келесі іс шараларды өткізуді көздейді:

1) бірлескен қызмет бойынша серіктесті айқындау бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру және конкурстық құжаттаманы интернет-ресурста орналастыру;

2) конкурстық құжаттаманың ережелерін талқылау және түсіндіру, қажет болған жағдайда конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

3) әлеуетті серіктестердің конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық өтінімді және қажетті құжаттаманы ұсынуы;

4) конкурстық комиссияның конкурстық өтінімді ашуы және конкурсты ұйымдастырушының конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасын интернет-ресурсында орналастыруы;

5) конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдерді алдын ала қарауы;

6) конкурстық комиссияның әлеуетті серіктестерді конкурсқа жіберу туралы шешім қабылдауы;

7) конкурсты ұйымдастырушының әлеуетті серіктестерді конкурсқа

жіберу хаттамасының интернет-ресурсында орналастыруы;

8) серіктесті айқындау және конкурс қорытындылары туралы хаттаманы интернет-ресурста орналастыру;

9) конкурсты ұйымдастырушының серіктеспен бірлескен қызмет туралы шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізуі;

10) серіктеспен бірлескен қызмет туралы шарт жасасу.

10. Осы конкурстық құжаттамада:

1) әлеуетті серіктеске қойылатын жалпы және арнайы талаптар (конкурстық құжаттаманың 9-тарауы);

2) конкурстық өтінім нысаны (№1 қосымша);

3) бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың жобасы (консорциалдық келісім) (№3 қосымша);

4) жоба бойынша конкурс өткізу үшін қажетті өзге де мәліметтерді қамтиды.

2. Алдын ала талқылау, ережелерді түсіндіру және конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізу

11. Әлеуетті серіктестер конкурстық құжаттамамен таныса отырып, қажет болған жағдайда конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы конкурсты ұйымдастырушыға жазбаша сұрау салуға құқылы.

Түсіндіру үшін өтініш конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

Конкурсты ұйымдастырушы жазбаша сұрау салу тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жібереді және сұрау салудың кімнен түскенін көрсетпей, барлық әлеуетті серіктестерге түсіндірмені назарға жеткізеді.

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың мазмұны бойынша түсіндірмелерді интернет-ресурста орналастырады.

12. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы талқылау қорытындылары бойынша конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді қамтамасыз етеді, мұндай қажеттілік болған кезде талқылау аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде және енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, конкурстық құжаттаманы бекітілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде интернет-ресурста орналастырады.

3. Әлеуетті серіктестердің конкурстық өтінімді ресімдеуіне және ұсынуына қойылатын талаптар

13. Конкурстық өтінім әлеуетті серіктестің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптармен және шарттармен келісімін, сондай-ақ, әлеуетті серіктестің ол туралы жалпы және арнайы талаптарға сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

14. Конкурстық өтінімді әлеуетті серіктес қазақ немесе орыс тілдерінде конкурстық құжаттаманың № 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жазбаша ресімдейді және конкурстық құжаттамада санамаланған құжаттарды қамтуға тиіс.

15. Әлеуетті серіктес тек бір конкурстық өтінім бере алады.

16. Тіркелу үшін әлеуетті серіктес конкурсты ұйымдастырушыға уәкілетті өкіл қол қойған конкурстық құжаттамада белгіленген нысан бойынша хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша конкурсқа қатысуға өтінім жіберуі қажет.

17. Әлеуетті серіктестің өтінімінде конкурстық құжаттамада көрсетілген әлеуетті серіктеске қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар болуға тиіс.

Назар аударыңыз! Конкурсқа қатысуға өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті серіктестің мөрімен бекітілген (бар болса) жабылған конвертте қабылдайды.

Өтінім мен құжаттар нөмірленуі, тігілуі, әлеуетті серіктестің мөрімен (бар болса) бекітілуі және уәкілетті тұлға қол қоюы тиіс.

Конкурсқа қатысуға өтінім және оған қоса берілетін, конкурстық құжаттамада және «City Transportation Systems» ЖШС қағидаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін құжаттар ашу кезінде қабылданбауға жатады және конкурсқа қатыспайды.

18. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінім конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және әлеуетті серіктеске қайтарылады.

19. Конкурстық құжаттамада белгіленген мерзім ішінде Комиссия хатшысы конкурстық өтінімдері бар конверттерді қабылдайды.

20. Комиссия Хатшысы:

1) тиісті түрде ресімделген конверттерді немесе конкурстық өтінімдері бар өзге де қаптаманы қабылдайды және оларды конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына тіркейді;

2) конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін енгізілген конкурстық өтінімге толықтырулар қабылдайды;

3) конкурстық өтінімнің қайтарылуын қамтамасыз етеді:

- конвертті немесе өзге де қаптаманы тиісінше ресімдемеген, конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінімді кері қайтарып алған жағдайда.

- егер әлеуетті серіктес бұрын осы конкурсқа қатысуға конкурстық өтінім берген болса;

- егер конкурстық өтінім конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түссе.

4. Конкурстық өтінімдерді толықтыру және оларды кері қайтарып алу

21. Әлеуетті серіктес конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан

кешіктірмей келесіге құқылы:

- 1) енгізілген конкурстық өтінімді толықтыруға;
- 2) өзінің конкурстық өтінімін қайтарып алуға.

Конкурстық өтінімді кері қайтарып алу туралы хабарлама әлеуетті серіктес қол қойған және мөрмен бекітілген (бар болса) конкурсты ұйымдастырушының атына ерікті өтініш түрінде ресімделеді.

Конкурстық өтінімге толықтырулар енгізуге және (немесе) конкурстық өтінімді қайтарып алуға оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін жол берілмейді.

5. Конкурстық өтінімдерді ашу және қарау

22. Комиссия конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің қатысуымен конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады.

23. Әлеуетті серіктестер немесе олардың уәкілетті өкілдері конкурстық өтінімдерді ашуға қатысуға құқылы.

24. Комиссия әлеуетті серіктестердің конкурстық өтінімдерін қарау кезінде:

1) конкурстық өтінімдерді толықтығы және тиісті ресімделуі тұрғысынан зерделейді;

2) қажет болған жағдайда әлеуетті серіктестерден конкурстық өтінімдерді толық қарау, бағалау және салыстыру үшін олардың конкурстық өтінімдері бойынша нақтылайтын материалдар мен түсініктемелер сұратады;

3) әлеуетті серіктестердің конкурстық құжаттаманың жалпы және арнайы талаптарына сәйкестігін айқындайды;

4) әлеуетті серіктестерді конкурсқа жіберу туралы шешім қабылдайды;

5) конкурстық өтінімдерді конкурстық құжаттамада белгіленген өлшемдерге сәйкес бағалайды;

6) қажет болған кезде конкурстық өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті заңды тұлғалар мен мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратады;

7) жеңімпазды анықтайды.

25. Комиссия әлеуетті серіктестердің жалпы және арнайы талаптарға сәйкестігі тұрғысынан конкурстық өтінімдерді конкурстық өтінімдер ашылған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде қарайды.

26. Осы конкурстық құжаттаманың 29-тармағында көрсетілген мерзім ішінде Комиссия рұқсат беру хаттамасына қол қою арқылы әлеуетті серіктестерді конкурсқа жіберу туралы шешім қабылдайды.

27. Рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушы рұқсат беру хаттамасын интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етеді.

6. Конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру. Серіктесті анықтау

28. Конкурса жіберілген әлеуетті серіктестердің конкурстық өтінімдерін бағалауды, салыстыруды және іріктеуді комиссия, осы конкурстық құжаттамада белгіленген өлшемшарттарды ескере отырып, рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

29. Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушы конкурс қорытындылары туралы хаттаманы интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етеді.

30. Конкурсты ұйымдастырушы серіктеспен бірлескен қызмет туралы шарттың талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

31. Егер серіктес комиссияның және конкурсты ұйымдастырушының ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес бірлескен қызмет туралы шарттың талаптарын нақтылаудан бас тартса не оның ұсыныстары серіктесті айқындау жөніндегі конкурс талаптары тұрғысынан қолайсыз болып табылса, онда комиссия жіберілген әлеуетті серіктестер қатарынан серіктесті айқындайды.

Жіберілген әлеуетті серіктестер болмаған жағдайда, конкурс өткізілмеген деп танылады.

7. Конкурсты өткізілмеді деп тану

32. Конкурс келесі жағдайларда өтпеді деп танылады:

1) Егер белгіленген мерзімде бірде-бір конкурстық өтінім түспеген жағдайда;

2) Егер барлық ұсынылған конкурстық өтінімдер не жалғыз конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;

3) осы конкурстық құжаттаманың 35-тармағында белгіленген жағдайда.

8. Әлеуетті серіктестерге қойылатын талаптар

1) Конкурса қатысушының құқық қабілеттілігі болуға, жарғының нотариат куәландырған көшірмесін және оған енгізілген өзгерістерді (бар болса), бірінші басшыға бұйрықтың нотариат куәландырған көшірмесін, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін (қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығын төлеуші емес екендігі туралы хат ұсынады), сенімхат, егер конкурстық өтінімге Конкурса қатысушының өкілі қол қойған жағдайда.

2) Шоттың болуы туралы банктен анықтама (деректемелер өтінімде көрсетілген деректемелермен бірдей болуы тиіс)

3) Ақылы тұрақты басқару үшін операциялық шығындарда мыналарды көрсету қажет: жұмысқа тартылған қызметкерлердің жалақысы, қажетті алаңдарды жалға алу, аумақты тазалау (жаз/қыс), электр энергиясы, байланыс және интернет қызметтері, эквайринг, өзге де шығындар (шығындарды көрсету

қажет). (шығындардың толық жазылуы қолы мен мөрі бар жеке құжатпен қоса берілуі тиіс)

Анықтама үшін! Жеңімпаз Серіктестіктің атына жерді жалға алу және салық төлемдері бойынша шығындарды өтеу үшін соманы аударады. Бұл сома кез-келген ай сайынғы есеп айырысу кезінде міндетті болып табылады.

4) Компанияның қызметі заңды тұлға тіркелген сәттен бастап кемінде 1 жыл.

5) Компанияда салық берешегі болмауы тиіс (конкурстық өтінімді қабылдау күнінің алдындағы 3 жұмыс күні бұрын берілген салық берешегінің жоқтығы туралы анықтама).

6) Компания банкроттық не тарату рәсіміне жатпауға, мүлікке тыйым салынбауға, қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылмауға тиіс (Конкурса қатысушының кепілдік хаты).

7) Компания мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болмауға тиіс (Комиссия тексереді).

8) Компания Борышкерлердің бірыңғай тізілімінде болмауға тиіс (Комиссия тексереді).

9) Конкурса қатысушы және оның үлестес тұлғасы конкурстың бір лотына қатыса алмайды.

Арнайы талаптар:

10) Конкурса қатысушы Шартқа қол қойылған кездің ішінде келесі техникалық мүмкіндіктері бар (олармен шектелмей) автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнатуға міндеттеме алады:

- МТНБ (мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі) тану және тұрақ аймағына кіруді бақылау (қара және ақ тізімдер);

- тұрақ жабдығы мыналарды қамтуы керек (шектелмей): шлагбаумдар жиынтығы, кіру станциясы, шығу станциясы, тұрақ жабдығының жұмысына арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда POS-жүйесі бар төлем терминалы, қажетті басқару блоктары мен компоненттері, МТНБ тану жүйесі, диспетчермен байланыс жүйесі, (штаттан тыс жағдайлар туралы операторды хабардар ету модулі;

- тұрақ жабдығы мен оның бағдарламалық қамтамасыз етілуі Шарттың барлық тараптары үшін қол жеткізу мүмкіндігімен өндіруші тарапынан ашық болуы тиіс;

- статистикалық және өзге де есептерді алу үшін Жалға берушінің уәкілетті өкілдері (қызметкерлері) үшін осы есептерді талап ету бойынша түсіру мүмкіндігімен есептік жазбалардың болуы;

- ақпараттық жүйеде тарифтерді өзгерту және көрсету мүмкіндігі (сағат, күн, түн, резерві/кестесі бар абонемент, аймақтар бойынша көп тарифтілік, айыппұлдар, жеңілдіктер жүйесі және т.б.);

- сақтау мерзімі кемінде 1 (бір) ай болатын бейнефайлдарды қарау және жазу үшін Жалға берушіге мүмкіндік бере отырып, жекелеген бейнебақылау жүйелерінің болуы;

Жалға алушы автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнатқаннан кейін Жалға берушімен жылжымайтын мүлікті жалдау шартының ажырамас бөлігі болып табылатын жабдықты орнату және іске қосу актісіне қол қоюға міндетті.

Әлеуетті серіктес Серіктестіктің жабдықтарын пайдалану кезінде ақылы тұрақта барлық автоматтандырылған жүйені іске қосуға құқылы. Бірақ сонымен бірге жаңа жабдықты орнату басымдыққа ие.

33. Әлеуетті серіктес осы конкурстық құжаттамада көзделгеннен гөрі жақсы техникалық шешімдерді ұсынуға құқылы.

34. Әлеуетті серіктес ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

10. Бірлескен қызмет туралы шарт

35. Бірлескен қызмет туралы шарт конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жасалады.

36. Серіктестік бірлескен қызмет туралы шарттың жобасына, серіктес таңдау үшін негіз болған шарттар өзгермеген жағдайда, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуі мүмкін.

**«Нұр-Сұлтан 1» ТЖ вокзалының вокзал маңындағы аумағында
ақылы тұрақты басқару жөніндегі «City Transportation Systems» ЖШС
жобасының серіктесін айқындау бойынша конкурсқа қатысуға
ӨТІНІМ**

1. «Нұр-Сұлтан 1» ТЖ вокзалының вокзал маңындағы аумағындағы ақылы тұрақты басқару жөніндегі «City Transportation Systems» ЖШС серіктесін анықтау бойынша бірлескен қызмет жөнінде конкурс өткізу туралы хабарландыруды қарап, конкурстық құжаттамамен және әлеуетті серіктеске қойылатын талаптармен таныса отырып

(заңды тұлғаның атауы)

20__ жылғы «__» _____ конкурсына қатысқысы келеді.

2. Осы Өтінімнің «City Transportation Systems» ЖШС-мен бірлескен қызмет туралы шарт бойынша «Нұр-Сұлтан 1» ТЖ вокзалының вокзал маңындағы аумағында ақылы тұрақты басқару жөніндегі» жобаны іске асыруға ниетті күші бар.

Заңды тұлғаның атауы және (сенімхат негізінде әрекет ететін заңды тұлға басшысының немесе өкілінің тегі, аты, әкесінің аты).

«__» _____ 20__ жыл.

_____ (қолы, мөрі)

3. Осы өтінімнің жылжымайтын мүлікті жалдау (жалға алу) шарты жасалғанға дейін қолданыста болатын объектіні (объектілерді) жалдау (жалға алу) ниетті күші бар.

4. Әлеуетті серіктестерді бағалау үшін конкурс бойынша ұсыныстар (2-қосымшаны қараңыз):

1) Бірлескен қызметтің сыйақы үлесі: _____

2) Өзінің бағдарламалық қамтамасыз етуінің болуы: _____

3) Тұраққа операциялық қызмет көрсетуге арналған ай сайынғы шығындар сомасы: _____

4) Жаңа тұрақ жабдығын орнату: _____

5. Мен өзім туралы келесі мәліметтерді ұсынамын:

Атауы _____

БСН _____

басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Банк деректемелері

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Өтінімге қоса беріледі:

1) _____

2) _____

3) _____

(заңды тұлға басшысының немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкілдің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

«___» _____ 20__ ЖЫЛ.

**Конкурстық комиссияның жүйені
бағалау есебі
(конкурса қатысушылардың сауалнама
парағы негізінде толтырылады)**

Критерий сипаттамасы	Ұпай мәндері	бағалау дағы критерийдің жалпы үлесі		
			Ұпай	Қорытынды
Бірлескен қызметтің сыйақы пайызы		40%	10	
Ең тиімді ұсыныс	100%			
Екінші тиімді ұсыныс	50%			
Маңыздылығы бойынша үшінші және келесі ұсыныстар	0%			
Жеке бағдарламалық жасақтаманың болуы		20%	10	
Бар	100%			
Жалға алынды	50%			
Әзірлеу барысында	0%			
Шартта бекітуге арналған ай сайынғы шығындар сомасы		20%	10	
Ең аз шығындар	100%			
Шығындардың аздығы бойынша екінші	50%			
Үшінші және келесі	0%			
Жаңа тұрақ жабдықтарын орнату		10%	10	
Көзделеді	100%			
Ішінара көзделген	50%			
Жоқ	0%			
«City Transportation Systems» ЖПС алдында борыштық міндеттемелердің болуы		10%	10	
Жоқ	100%			
Болды, бірақ өтелді	50%			
Бар	0%			

Бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт № _____
(консорциалдық келісім)

Астана қ.

«_____» _____ 202__ ж.

Бұдан әрі «**1-Тарап**» деп аталатын, « _____ »
ЖШС атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Директор
_____, бір жағынан және

бұдан әрі «**2-Тарап**» деп аталатын «**City Transportation Systems**» **ЖШС**
атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы
_____, екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар» деп
аталатын, ал жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей, төмендегі туралы
осы бірлескен шаруашылық қызмет туралы Шартты (консорциалдық келісім)
(бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шарт бойынша Тараптар тиісті құқықтық негіздерде тараптарға тиесілі салымдарды біріктіру жолымен Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Гете көшесі 3В, 3Г, 3Е мекенжайы бойынша орналасқан Нұр-Сұлтан 1 теміржол вокзалының вокзал маңындағы алаңында ақылы тұрақты (бұдан әрі – Ақылы тұрақ) осы Шартта көзделген талаптар негізінде басқару мақсатында бірлесіп әрекет етуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шарттың мақсатына қол жеткізу үшін Тараптар осы Шартта айқындалған талаптарда қолда бар мүлктік, мүлктік емес, еңбек және өзге де ресурстармен салымдарды біріктіретін уақытша ерікті тең құқықты одақ құрады.

1.3. Тараптар осы Шартта айқындалған талаптарда заңды тұлға құрмай бірлесіп әрекет етеді, осы Шарттың 1.1-тармағында белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін күш-жігерді үйлестіреді. Бұл ретте Тараптар осы Шартта қамтылмаған бөлігінде өзінің шаруашылық дербестігін сақтайды.

1.4. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа қайшы келмейтін мақсатқа қол жеткізу үшін бірлесіп түрлі қызметті жүзеге асыруға құқылы.

2. ТАРАПТАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТКЕ САЛЫМДАРЫ

2.1. 1-Тараптың бірлескен қызметке қосқан үлесі:

2.1.1. Тұрақ қызметін ұйымдастыру және ақылы тұрақ қызметтерін ұсыну, өндірістік процестер мен еңбек ресурстарын басқару саласындағы кәсіби білім.

2.1.2. Ақылы тұрақ қызметтерін үздіксіз ұсыну, оны ұстау және

жұмыс істеу және бірлескен қызметті басқаруды ұйымдастыру үшін қажетті мөлшерде еңбек ресурстары.

2.2. 2-Тараптың бірлескен қызметке қосқан үлесі:

2.2.1. Жалпы ауданы 1,2415 га, кадастрлық нөмірі 21-319-061-13 және Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Гете көшесі, 3 мекенжайы бойынша орналасқан автомобильдерге арналған ақылы тұрақ орналастыру нысаналы мақсаты бар жер учаскесі;

2.2.2. Жалпы ауданы 0,0489 га, кадастрлық нөмірі 21-319-061-1314 және Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Гете көшесі, 3 Г мекенжайы бойынша орналасқан автомобильдерге арналған ақылы тұрақ орналастыру нысаналы мақсаты бар жер учаскесі;

2.2.3. Жалпы ауданы 0,0715 га, кадастрлық нөмірі 21-319-061-1315 және Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Гете көшесі 3 Е мекенжайында орналасқан автомобильдерге арналған ақылы тұрақ орналастыру нысаналы мақсаты бар жер учаскесі.

2.2.4. Осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 Қосымшада көрсетілген негізгі құралдар.

2.3. 2-Тараптың салымдарын беру, жер учаскелерінен басқа, 2-Тараптың осы Шарт бойынша салым енгізгенін растайтын тиісті қабылдау-беру актілерімен ресімделеді.

2.4. Осы Шарттың талаптарына сәйкес 2-Тарап бірлескен қызметке беретін салымдарға ортақ үлестік меншік режимі қолданылмайды. Тараптардың бірі өз есебінен сатып алған және бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін қажетті мүлік осындай Тараптың меншігі болып табылады.

2.5. Бірлескен қызмет тоқтатылған жағдайда Тараптар осы Шарт тоқтатылған күнге дейін бірлескен қызметті жүзеге асыру процесінде Тараптар сатып алған және/немесе құрған мүлікті бөлуді реттеуге міндеттенеді.

Мүлікті бөлу туралы қол жеткізілген келісімдерді Тараптар осы Шартқа қосымша келісім түрінде ресімдейді.

2.6. Бірлескен қызметтен шығатын Тараптың салым болып табылатын мүлікті иеліктен шығару ниеті болған жағдайда, 2-Тараптың салым ретінде енгізген жер учаскелерінен басқа, осындай мүлікті басымдықпен сатып алуға құқығы бар.

2.7. Бірлескен қызметті жүзеге асыру процесінде Тараптар сатып алған және/немесе құрған мүлікті бағалауды тәуелсіз бағалаушы жүргізеді деген келісімге келді, оның есебі мүлікті бөлу жөніндегі дауларды реттеу кезінде және/немесе осындай мүлікті сатып алуда Тараптардың бірінің қалауы болған кезде міндетті болып табылады. Тәуелсіз бағалау бойынша шығындарды Тараптар бірлесіп көтереді.

2.8. Тараптардың бірінің бірлескен қызметке қосқан кез келген өзге салымы осы Шартқа қосымша келісімдермен ресімделетін болады.

3. ЖАЛПЫ ІСТЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

3.1 Тараптар жай серіктестіктің бірлескен қызметінің мақсаттарына қол

жеткізу, Қазақстан Республикасында да, одан тыс жерлерде де әртүрлі мемлекеттік, қаржылық, банктік, коммерциялық және басқа да ұйымдарда консорциум мүдделерін білдіру үшін үшінші тұлғалармен мәмілелер жасасу, сондай-ақ, Ақылы тұрақ пайдаланушылармен кез келген басқа әрекеттерді, оның ішінде жай серіктестіктің бірлескен қызметі мүддесі үшін заңды әрекеттерді жүзеге асыру құқығымен бірлескен қызметке басшылық ету және ортақ істер жүргізу 1-Тарапқа тапсырылатынын бекітті.

3.2 Тараптардың бірлескен қызметі бойынша бухгалтерлік, қаржылық, салықтық және шаруашылық есепке алуды жүргізуді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес 1-Тарап жүзеге асырады.

3.3 Әрбір есепті кезеңнің соңында 1-Тарап алынған табысты айқындау және оны осы Шарттың талаптарына сәйкес қатысушылар арасында бөлу мақсатында бірлескен қызмет нәтижелері туралы есепті (бұдан әрі – Есеп) жасайды. Есепті жасау кезеңділігі - ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін. Есеп нысаны - №2 Қосымшаға сәйкес. Есепті Тараптар келіседі және бекітеді. 2-Тарап активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығындарды бөлуді жүзеге асыру үшін негіздеме болған құжаттардың көшірмелерін есепке қоса беруге міндетті.

3.4 Консорциум тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алған немесе сатқан кезде шот-фактураларды "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 417-бабының негізінде жазуға тиіс.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. 1-Тараптың келесі құқығы бар:

4.1.1. Осы Шартта көзделген талаптарға сай Ақылы тұрақты басқару.

4.1.2. Көрсетілген Ақылы тұрақ қызметтері үшін төлемді, айыппұлдарды, залалды өндіріп алуды қабылдау, осы Шартқа байланысты мәмілелер жасасу.

4.2. 1-Тарап міндетті (олармен шектелмей):

4.2.1. Осы Шартта көзделген талаптарға сай бірлескен қызметке үлес қосу.

4.2.2. Осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен бірлескен қызметке басшылықты және ортақ істер жүргізуді жүзеге асыру.

4.2.3. Ақылы автотұрақты операциялық басқаруды, пайдалануды, қызмет көрсетуді және күтіп ұстауды жүзеге асыру.

4.2.4. Ақылы тұрақ қызметтерін үздіксіз және тиісті сапада көрсетуді қамтамасыз ету.

4.2.5. Халықты Ақылы тұрақты пайдалану ережелері, Ақылы тұрақ аумағында жөндеу және өзге де жұмыс түрлерін жүргізу және басқа да ақпарат туралы ақпараттандыру бойынша барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асыру.

4.2.6. Ақылы тұрақтың операциялық қызметін ұйымдастыру және түскен табысты қарау үшін 2-Тараптың қол жетерлік мүмкіндігімен (қарау үшін банк

кілтінің болуы немесе т.б.) бірлескен қызмет шеңберінде көрсетілетін қызметтерден алынатын табысты (ақша қаражатын) шоғырландыру мақсатында жеке банктік шот ашу.

4.2.7. Қажет болған жағдайда Ақылы тұрақта операциялық қызметпен байланысты құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау.

4.2.8. Ақылы тұрақты басқару жүйесіне, ұсынылатын жабдыққа және ақылы тұрақта пайдаланылатын техникалық құралдарға толық техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру (жөндеу, ауыстыру, баптау, түзеу және т.б.).

4.2.9. Тиісті сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде 2-Тарапқа жобаның іске асырылу барысы және бірлескен қызмет туралы ақпарат беру.

4.2.10. Ақылы тұрақ қызметтерін көрсету басталған күні заңнамалық деңгейде талаптар енгізілген жағдайда Ақылы тұрақ қызметтерін көрсету үшін қажетті рұқсаттар, сертификаттар, лицензиялар немесе рұқсат беру немесе растау сипатындағы өзге де құжаттар болуы немесе алынуы тиіс.

4.2.11. Бірлескен қызметке қатысты мәселелер бойынша үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Тараптардың атынан өкілдік ету.

4.2.12. Осы Шарт жасалған кезден бастап 1-Тарап 2-Тараппен алдын ала жазбаша келісімінсіз 2-Тараптың жер учаскелерінің аумағында осы Шартта көзделмеген өзге де қызметті жүзеге асырмауға міндеттенеді.

4.2.13. Өзгерістердің болжамды күніне дейін бекітілген тарифтерді, Ақылы тұрақты пайдалану қағидаларын, Ақылы тұрақ пайдаланушыларының жауапкершілігін, Ақылы тұрақта жол жүрісін ұйымдастыруды 2-Тараппен алдын ала келісу.

4.2.14. Консорциум қызметінен туындайтын өзге де міндеттерді орындау.

4.3. 2-Тараптың келесі құқығы бар:

4.3.1. 1-Тараптан осы Шартта көзделген төлемді талап ету.

4.3.2. 1-Тарапқа бірлескен қызметті жүргізу, жобаны іске асыру туралы, ақшалай түсімдер, келіп түсетін шағымдардың саны және бірлескен қызметке байланысты өзге де ақпарат туралы жазбаша сұрау салулар жіберуге, ал 1-Тарап тиісті сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде 2-Тарапқа жауап беруге міндетті.

4.3.3. Кез келген уақытта өз қалауы бойынша жер учаскесінің және 2-Тарап салым ретінде берген негізгі құралдардың қатаң нысаналы мақсаты бойынша сақталуын және пайдаланылуын тексеру және бақылауды жүзеге асыру.

4.3.4. 1-Тараппен келісім бойынша ақылы тұрақ қызметтерін көрсетуден түсетін табысты ұлғайтуға бағытталған іс-қимылдарды жүзеге асыру.

4.3.5. Тараптардың осы Шартта белгіленген ортақ мақсаттарды орындауына байланысты өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

4.4. 2-Тарап міндетті:

4.4.4. Осы Шартта көрсетілген міндеттерді уақтылы және толық көлемде орындау;

4.4.5. Осы Шарттың №1 Қосымшасына сәйкес осы Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде өз салымы мен негізгі

құралдарының берілуін қамтамасыз ету;

4.4.6. 1-Тарап қызметкерлерінің осы Шарттың қолданылу кезеңінде тұрақ кеңістігіне кедергісіз қол жетерлігін қамтамасыз ету;

4.4.7. Ақылы тұрақ бойынша қолда бар құжаттаманы ұсыну арқылы 1-Тарапқа жәрдем көрсету;

4.4.8. Халықты ақпараттандыру бойынша қажетті іс-шараларды жүзеге асыруға, бұл ретте 2-Тарап ақпараттың редакциясын және жариялау тәсілін 1-Тараппен алдын ала келісуге міндеттенеді.

4.4.9. Нұр-Сұлтан 1 теміржол вокзалының вокзал маңы алаңының аумағында мемлекеттік органдардың, оның ішінде құқық қорғау органдарының және өзге де адамдардың кез келген іс-шараларын өткізу туралы 1-Тарапты хабардар ету.

4.5. Тараптар ақылы тұрақ аумағындағы алдағы іс-шаралар және ақылы тұрақ жұмысындағы өзге де өзгерістер туралы халықты бірлесіп хабардар етеді, азаматтардың, ұйымдардың және өзге де органдардың өтініштерін қарайды.

Тараптар осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде Ақылы тұрақ қызметі мәселелері бойынша өтініштерді қарау регламентін дайындауға және қол қоюға міндеттенеді.

5. ҚАРЖЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

5.1. Бірлескен қызмет нәтижесінде алынған кірістер (ақылы тұрақ қызметтерін көрсету және өзге де кірістер) үлестердің келесі пайыздық арақатынасында Тараптардың ортақ үлестік меншігі болып табылады: 1-Тарап - _____, 2-Тарап - _____.

Осы тармақта белгіленген пайыздық арақатынаста кірістерді (түсімдерді) ай сайын бөлу Тараптардың Ақылы тұраққа қызмет көрсетуге және ұстауға жұмсаған Шарттың _____ қосымшасында белгіленген ай сайынғы шығындар шегерілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Тараптар бірлескен қызмет шеңберіндегі ай сайынғы шығындар Шарттың қосымшасында бекітілген шығындар сомасынан 10%-дан (он пайыздан) аспауға тиіс деп уағдаласты. 1-Тараппен Шарттың қосымшасында бекітілген ай сайынғы шығындардың 10%-дан (он пайыздан) асуына 2-Тараппен жазбаша келісім бойынша ғана жол беріледі. 1-Тарап Шарттың қосымшасында бекітілген ай сайынғы шығындарды 2-Тараптың келісімінсіз 10%-дан (он пайыздан) артық асырған жағдайда, бұл шығындарды 1-Тарап өз қаражаты есебінен жабады.

1-Тарап ай сайынғы Есепке ағымдағы есепті кезең бойынша әр айдың 15-күніне дейін жұмсалған айлық шығындарды растайтын бухгалтерлік құжаттардың көшірмелерін қоса беруге міндеттенеді.

Бұл ретте, 1-Тарап осы Шарт бойынша бірлескен қызметтен ай сайын кіріс алған жағдайда 2-Тарапқа ай сайынғы төлемге кепілдік береді. Ақылы

тұрақ қызметінен кіріс болмаған жағдайда 1-Тарап өз қаражаты есебінен Ақылы тұрақты күтіп-ұстау және оған қызмет көрсету жөніндегі шығындарды көтереді, сондай-ақ, 2-Тарапқа жер учаскелерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының шығындарын, пайда болған қосылған құн салығын және мүлік салығын өтейді.

5.2. Бірлескен қызмет нәтижесінде алынған кірістер осы Шарттың 4.2.6-тармағына сәйкес 1-Тарап ашқан жеке банктік шотта жинақталуы тиіс.

5.3. Бірлескен қызмет нәтижесінде алынған табысты Тараптар арасында бөлу осы Шарттың 5.1-тармағына сәйкес ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне дейін мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1-Тарап 2-Тарапқа Есепті кезең аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей есепті кезең бойынша келіп түскен сомалар бойынша мәліметтерді ұсынады;

берілген мәліметтер негізінде Тараптар тиісті айдағы кірістердің жалпы сомасынан Шарттың қосымшасында белгіленген ай сайынғы шығындардың шегерімін жасайды;

әр айдың 15 (он бесінші) күніне дейін осы Шарттың 5.1-тармағында белгіленген пайыздық арақатынаста кірістерді бөлу бойынша өзара есеп айырысулар жүргізіледі. 1-Тарап ай сайынғы табысты аударуды жүргізеді және жер учаскелері үшін ай сайынғы жалдау ақысының мөлшерін шегеру және Тараптар ай сайынғы есепті келіскеннен және бекіткеннен кейін 5 (бес) банктік күннен кешіктірмей 2-Тарапқа мүлік салығын төлеуге арналған шығындарды шегеру бойынша шығындарды өтейді.

5.4. 1-Тарап ай сайынғы табысты, жер учаскелері үшін ай сайынғы жалдау ақысының сомасын, 2-Тарапқа мүлік салығын және қосылған құн салығын төлеуге арналған шығындардың сомасын Тараптар ай сайынғы есепті келіскеннен және бекіткеннен кейін 10 (он) банктік күннен кешіктірмей аударуды жүргізеді. Тараптардың бірлескен қызметті жүзеге асыруға байланысты емес шығындары шығындарға жатпайды.

5.5. Тараптар осы Шарттың 5.1-тармағының талаптарына сәйкес бірлескен қызмет бойынша барлық шығындарды бірлесіп көтеруге уағдаласты.

5.6. Активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығындарды бөлу нәтижелері туралы құжатты салықтық тексеру жүргізу кезінде салық органдарының талабы бойынша Келісімнің әрбір Тарабы табыс етеді.

5.7. Күрделі жөндеу деп Тараптар асфальт төсемді, жиектерді толық ауыстыру бойынша жүргізілетін жұмыстар кешенін, сондай-ақ, Ақылы тұрақ аумағын қайта жаңарту, жол қозғалысын ұйымдастыруды өзгерту жөніндегі іс-шараларды білдіреді. Күрделі жөндеу Ақылы тұрақтың пайдалану көрсеткіштерін жақсарту мақсатында мемлекеттік органдардың талабы немесе осы Шарт Тараптарының келісімі бойынша жүргізіледі.

1-Тараптың Ақылы тұрақ аумағына күрделі жөндеу жүргізу ниеті болған жағдайда, 1-Тарап жоспарланған күрделі жөндеу жүргізуді және жөндеу жұмыстарының сметалық құнын келісу үшін 2-Тарапқа жазбаша түрде жүгінуге міндеттенеді.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Шартқа және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Тараптар бірлескен қызметпен байланысты да, байланысты емес те басқа Тараптың міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

6.3. Тараптардың осы Шартқа байланысты үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелері ынтымақты және субсидиарлық болып табылмайды.

6.4. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты үшінші тұлғалар мен тексеруші органдар алдында дербес жауапты болады.

6.5. 1-Тарап осы Шарт бойынша көрсетілетін қызметтерге тарифтерді белгілеу және қолдану бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзғаны үшін барлық тәуекелдерді және толық жеке-дара жауапкершілікті өзіне алады.

6.6. Өзге жағдайларда Тараптардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

7. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ (ФОРС-МАЖОР)

7.1. Тарап міндеттемені ішінара немесе толық орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл Шарт жасалғаннан кейін Тарап болжай алмайтын немесе алдын ала алмайтын төтенше сипаттағы мән-жайлар нәтижесінде туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

7.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, табиғи құбылыстар, эпидемия, соғыс немесе соғыс қимылдары, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың (жергілікті, орталық және т.б.) шешімдері түсініледі.

7.3. Мұндай мән-жайлар туындаған кезде олардың әрекетін бастан кешіретін Тарап осындай мән-жайлар басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде олар туралы басқа Тарапқа жазбаша түрде хабарлауға тиіс.

7.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасайтын Тарап екінші Тарапқа осы мән-жайлардың болуын куәландыратын және мүмкіндігінше Тараптың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне олардың әсерін бағалауды беретін ресми құжаттарды ұсынуға тиіс. Жалпыға белгілі сипаттағы еңсерілмейтін күш мән-жайлары дәлелдеуді талап етпейді.

7.5. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған Тарап осы мән-жайлардың болуын куәландыратын Шартта регламенттелген құжаттарды жібермесе, онда мұндай Тарап оны Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін

жауапкершіліктен босататын негіз сияқты мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырылады.

7.6. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайларда Тараптың Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осы мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады. Егер еңсерілмейтін күштің туындаған мән-жайлары мен олардың салдары 3 (үш) айдан астам күшінде жалғаса берсе, Тараптар Шартты орындаудың қолайлы балама тәсілдерін айқындау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді немесе Тараптардың міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезден бастап (ақшалай міндеттемелерді қоспағанда) орындау мүмкін еместігімен тоқтатылады.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

8.1. Дауды сотқа дейінгі реттеу келіссөздер және талап қою арқылы жүзеге асырылады және міндетті болып табылады.

8.2. Тараптар дауды сотқа дейінгі реттеудің мынадай міндетті тәртібін айқындайды:

8.2.1. Шағым жазбаша нысанда ұсынылады және оған тиісті түрде уәкілетті тұлға қол қояды.

8.2.2. Шағымда: талаптар, шағым сомасы және оның негізделген есебі (егер талап ақшалай бағалауға жататын болса); талаптар негізделетін мән-жайлар және оларды растайтын дәлелдемелер; шағымға қоса берілетін құжаттар мен өзге де дәлелдемелердің тізбесі; дауды реттеу үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі.

8.2.3. Шағым алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады және шағымды жіберген Тарап қарау нәтижелері туралы жазбаша нысанда хабардар етіледі. Шағымға жауап ретінде шағымды алған Тарап міндетті түрде шешім қабылдау себептерін және дауды реттеу тәртібі туралы ұсынысты көрсетеді.

8.2.4. Егер шағымға оны қарау үшін қажетті құжаттар қоса берілмесе, олар шағымды жіберген Тараптан ұсыну мерзімі (кемінде 5 жұмыс күні) көрсетіле отырып, шағымды алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде сұратылады. Талап етілген құжаттарды көрсетілген мерзімге алмаған кезде, шағым қолда бар құжаттар негізінде қаралады.

8.3. Егер Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралады.

9. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

9.1. Осы Шарттың ережелері, қосымша келісімдер және оған қосымшалар, оның орындалуына байланысты құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады. Тараптар оларға Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей қатысатын адамдарды ғана рұқсатпен қамтамасыз етеді. Өзге тұлғаларға рұқсат беру Шартта Тараптар келіскен талаптарда жүзеге асырылады.

9.2. Тараптар үшінші тараптарға жария етпеуге және Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаудан басқа мақсаттармен басқа Тараптан Шартқа сәйкес немесе Шартқа қатысты алынған кез келген ақпаратты берген Тараптың жазбаша келісімінсіз, жария етпеуге міндеттенеді, келесі ақпаратты қоспағанда:

- оны алған Тарап оны Шарт негізінде алғанға дейін алды;
- бұл жалпыға белгілі оны алған Тараптың кінәсінен емес, үшінші тарап ұсынған, ол Ұсынған Тарап алдындағы құпиялылық міндеттемелерін мұндай ұсынумен бұзбаған;
- бұл ақпаратты оны алған Тараптың мұндай ақпаратқа қол жеткізе алмайтын персоналы дербес әзірледі.

9.3. Жоғарыда көрсетілгенге қарамастан, егер мұндай жария ету заңнама талаптарына сәйкес немесе Шартқа байланысты қандай да бір мәселені қарауға қатысатын сот және өзге де мемлекеттік құзыретті органдарға осындай мәліметтерді беру үшін қажет болса, алушы Тараптың ақпаратты жария етуге құқығы бар. Бұл ретте ақпарат алған Тарап бұл туралы ұсынылған Тарапты дереу хабардар ету үшін барлық мүмкін күш-жігерді жұмсайды және ақпаратты жария етуге байланысты оны қорғау мақсатында ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды. Бұл ретте мұндай жария ету тек уәкілетті тұлғаның сұрау салуы бойынша және осындай сұрау салу шеңберінде ғана жүргізілетін болады. Ұсынушы Тарап осымен алушыға Шарт жасасу және орындалуы туралы, сондай-ақ, оның мазмұны туралы ақпаратты Шарт бойынша Тараптардың уәкілетті өкілдеріне ашу құқығын береді.

9.4. Тараптар Шартты тиісінше орындау үшін, ақылға қонымды негізде мұндай қолжетімділік қажет адамдарды қоспағанда, қызметкерлердің ақпаратына қолжетімділікті шектеуге міндеттенеді.

9.5. Осы құпиялылық туралы ережелер Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде және Шарт тоқтатылған (бұзылған) күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

9.6. Егер Шарт Тараптарының арасында Шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрекет ететін құпия ақпаратты жария етпеу туралы Келісім (бұдан әрі – «Келісім») жасалса, онда ықтимал қайшылықтар бөлігінде мұндай Келісімнің ережелері Шарт ережелерінен басым болады.

10. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

10.1. Осы Шарт екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

10.2. Бірлескен қызмет тоқтатылған жағдайда бірлескен қызметті жүзеге асыру процесінде туындаған және бірлескен қызмет тоқтатылған күні орындалмаған Тараптардың міндеттемелері толық көлемде орындалғанға дейін күшінде қалады.

10.3. Шартқа қол қойылғаннан кейін ол бойынша барлық алдын ала келіссөздер, хат-хабарлар, Шартқа қандай да бір жолмен қатысты мәселелер бойынша ниеттер туралы хаттамалар заңды күшін жоғалтады.

11. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ

11.1. Шарт талаптарын өзгерту туралы ұсыныс басқа Тарапқа ұсынылған өзгерістер енгізілген күнге дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын жіберіледі. Шарт талаптарын өзгерту екіжақты келісім жасау жолымен немесе заңнамада айқындалған өзге де жазбаша нысанда Шарт сияқты нысанда жасалады.

11.2. Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ, Тарап осы Шарттың талаптарын орындаудан біржақты бас тартқан (Шарттан бас тартқан) жағдайда Шартты бұзуға болады.

Бұл ретте, Тараптар осы Шартқа қол қоя отырып, еңсерілмейтін күш (форс мажор) мән-жайларын қоспағанда, Шарт жасалған күннен бастап 1 (бір) жыл ішінде осы Шартты бұзбауға міндеттеме алады.

11.3. Тараптардың бірі осы Шарт жасалған күннен бастап 1 (бірінші) жыл ішінде бірлескен қызметтен бас тартқан жағдайда, Шартты бұзуға бастамашы болған Тарап қарсы Тарапқа 5 000 АЕК мөлшерінде өтемақы төлеуге міндеттенеді. Шарт жасалған күннен бастап бірінші жыл өткен соң Шартты бұзу өтемақы төлеусіз жүзеге асырылады.

11.4. Бастамашы Тарап осы Шартты бұзу туралы хабарламаны болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік 3 (үш) ай бұрын жіберуге тиіс.

Бұл ретте, бастамашы Тарап, егер Тараптардың бірлескен келісімінде неғұрлым кеш мерзім белгіленбесе, бірлескен қызмет туралы Шарт бұзылған күннен кешіктірілмейтін мерзімде алынған мүлікті және өзге де ресурстарды екінші Тарапқа қайтаруға міндетті.

11.5. Тарап Шарт талаптарын бұзған немесе өзіне қабылдаған міндеттемелерді жүйелі түрде орындамаған жағдайда, өтемақы төлемей, осы Шартты бірінші 1 (бір) жыл ішінде мерзімінен бұрын бұзуға болады.

11.6. Бірлескен қызмет тоқтатылған жағдайда бірлескен қызметті жүзеге асыру процесінде туындаған және бірлескен қызмет тоқтатылған күні орындалмаған үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелер ынтымақты болып табылмайды.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1. Осы Шартты орындау үшін Тараптардың барлық қатынастары хабарламалардың мазмұнын, сондай-ақ, оларды жіберу және алу фактісін тіркеуге мүмкіндік беретін тәсілмен жазбаша нысанда жүзеге асырылуға тиіс. Тіркелген поштаны, курьерлік байланысты, факсимильді байланысты, телеграфтық хабарламаны, электрондық поштаны пайдалануға жол беріледі.

12.2. Тараптардың бірлескен шешімі бойынша бірлескен қызметке қатысушылар саны ұлғайтылуы мүмкін. Бұл ретте, егер консорциум атынан 1-Тараптың және 2-Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойса, үшінші тұлғаны бірлескен қызметке қосу туралы шарттың заңды күші болады.

12.3. Тараптардың бірінің бірлескен қызметіне қатысу құқықтарын қоса алғанда, осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелерді басқаға беруге екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

12.4. Осы Шарттан туындайтын талап ету құқықтарын Тараптардың біріне беру екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана мүмкін болады.

12.5. Осы Шарт бірдей заңды күші бар Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден орыс тілінде екі данада жасалды. Шартта регламенттелген тәртіппен жасалған қосымшалар, толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

12.6. Шарт, сондай-ақ, Шарттың орындалуына байланысты туындайтын барлық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіруге жатады.

13. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

1-ТАРАП

«City Transportation Systems»

ЖШС

Астана қ.,

Бейбітшілік к-сі, 9 БСН 110540005586

БСК HSBKKZKX

ЖСК KZ976018821000570211

«Қазақстан Халық Банкі»

Басқарма Төрағасы

ҚОЛЫ / М.О.

2-ТАРАП

«_____»

ЖШС

Мекенжайы _____

БСН _____

БСК _____

ЖСК _____

Банк _____

Директор

ҚОЛЫ / М.О.

Т.А.Ә.